КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 05 қараша іс № 3514-24-00-2/5414 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
төрағалық етуші судья Г.О.Тастанбаева
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және метрология институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Атамкулова» Атамкулова Гулханым Нуратаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

Аталған іс Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 21-1 тармағына сәйкес, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

Сот ұйғарымымен жауапкерге құжаттар мен дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қоюға пікір (қарсылық) беруге ұсынылған болатын, бірақ бұл құқығын жүзеге асырмады.

АПК-нің 109,117-баптарына сәйкес, мемлекеттік баж жауапкерден өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4- бабын басшылыққа ала отырып, судья

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және метрология институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 05.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 17.12.2024, судья Тастанбаева Г. О., 18.12.2024
3514-24-3-1/5916

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

республикалық мемлекеттік кәсіпорнының дара кәсіпкер «Атамкулова» Гулханым Нуратаевна Атамкуловаға қойылған мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Атамкулова» Атамкулова Гулханым Нуратаевна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Атамкулова» Гулханым Нуратаевна Атамкуловадан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекет баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Тастанбаева Г.О.

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 05.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.12.2024, судья Тастанбаева Г. О., 18.12.2024